



AlemBank Kazakstan акцияларын сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 15 қаңтардағы N 69

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кері капиталы бар AlemBank Kazakstan акционерлік банкінің акцияларын сатып алу туралы ұсынысын қарап және еліміздің банк жүйесі үшін банктің маңыздылығын ескеріп Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

AlemBank Kazakstan акцияларын сатып алу туралы оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мәжбүр етіп сатып алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне өтініш жасасын;

AlemBank Kazakstan қаржылық сауықтыру жөніндегі негізгі

шаралардың жоспарын әзірлесін және оны бекітсін:

осы мәселені Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі "1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дұрыс шешкен жағдайда банктің акцияларын сатып алу-сату туралы қажетті шарт жасаса отырып AlemBank Kazakstan акцияларын сатып алу үшін Үкіметтің резервтік қоры қаражатының есебінен 2801 теңге 79 тиын бөлсін және AlemBank Kazakstan қайта капиталдандыруға қаражат бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары